

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 120 (9182)

1953 жылғы 17 июнь Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ӨНДІРІСТІК ЖОСПАР — КӘСІПОРНЫ ҮШІН ЗАҢ

Облыс кәсіпорындарының 1953 жылдың бірінші жартысында атқарған жұмыстарына қорытынды шығаратын уақыт жақындап келеді. Мемлекеттік өндірістік жоспарды қалтқысыз орындау—әрбір кәсіпорны үшін заң. Мемлекеттік жоспарды орындау, асыра орындау— завод, фабрика, темір жол транспорты, жергілікті өнеркәсіптің кәсіпорындары үшін негізгі көрсеткіш болып табылады.

Облыс бойынша 1953 жылдың өткен айларының өндірістік программасын орындаған және асыра орындаған озат кәсіпорындарының қатарына былғары заводын, нан комбинатын, «Бомсомолка» тігін фабрикасын, Сталин атындағы және «Екпінді» кәсіпшілік артельдерін және басқаларын қосуға болады.

Сталин атындағы кәсіпшілік артели соңғы уақытта өндіріс процесін жетілдіре түсу арқылы 5 айдың жоспарын 112 процент орындап, жоспардан тыс 7 мың 689 пар аяқкіім шығарды, 52 мың дециметр материал үнемдеді. Октябрь революциясы атындағы былғары заводның коллективі 5 айдың жоспарын мерзімінен бұрын аяқтап, жоспардан тыс 17 мың пар аяқкіімге жететін былғары өнімін берді.

Озат кәсіпорындарында, әсіресе, былғары заводында еңбек тәртібін жақсарту беру, социалистік жарысты нақтылы ұйымдастырып, алынған міндеттемелерді әрбір коллектив мүшесінің орындап отыруын бақылау, озаттардың тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыру сыяқты, өндіріс үшін шешуші маңызы бар мәселелерге партия, кәсіподақ ұйымдары мен шаруашылық басшылары тарапынан басшылық жақсартыла түсеті. Өндіріс озаттарының бастамаларына мемлекеттік тұрғыдан мән беру, оны қолдан қана қоймай, өндіріске енгізу барған сайын дамып келеді.

Алайда, мемлекеттік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша орындау күресінің қала кәсіпорындарында қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отырғандығын атап көр-

көпшіліктің игілігіне айналдыру өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындауда елеулі роль атқарады. Ал, аяқкіім фабрикасы, Панфилов атындағы кәсіпшілік артели сыяқты кәсіпорындарында жаңалық ұсыныстарға, еңбекті көп керек ететін жұмысты механикаландыруға жете мән берілмейді. Әсіресе, аяқкіім фабрикасының басшылары өндіріс процесін механикаландырудың қажеттігін сөз жүзінде айтқанмен оның жүзеге асырылуын тырнақты қолға алмай, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесіне жете мән бермей, ол мәселенің фабрика пайдасына шешілуіне жетісе алмай жүр. Перспективасыз, кәсіпорнының келешегін жоспарламай, болжамай жұмыс істеу деп осыны айтады.

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі қала мен ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да жақсарту беру үшін дүние жүзіндегі ең мәдениетті тұтынушы—совет тұтынушысының өскелең тілектерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін өнімнің мөлшерін ұлғайта берумен бірге, азық-түлік және өнеркәсіп товарларының сапасын әрдайым жақсарту беру қажеттігін атап көрсетті. Бірақ, жергілікті өнеркәсіпке қарасты кәсіпорындары өздеріне жүктелген бұл сыяқты абройлы міндетті ойдағыдай орындай алмай келеді. Жергілікті өнеркәсіптің жұмысындағы ең басты кемшілік—өнімдердің сапасының төмен болуында.

Панфилов атындағы кәсіпшілік артелинің басшылары сапасыз өнім шығарғанымен қоймай, сапасыз өнімді жасырып, мемлекетті алдау жолына түскен. Артель үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында бірінші сортты аяқкіім шығаруды 50 процент ғана орындады. Ол-ол ма, өнімнің сапасын бақылаушы Костриков жолдас жасаған нималардың сорттылығын белгілейтін штампты кез келген жерге тастап кететін болған. Ал, Шаронаев сыяқты көзбояушы сапасыз шығарылған нималарды өткізіп, «Қазақстанның 30

Қоғамдық малды құнарлы жемшөппен, қоражаймен қамтамасыз ету—ең басты міндет

Ғ. ҚАСКЕЕВ.

ҚКП Конюхов аудандық комитетінің секретары

☆

Партияның XIX съезі бесінші бесжылдықта қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруды ауылшаруашылығы саласындағы басты міндеттердің бірі етіп қойды. Осыған байланысты қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде ауданымыздың еңбекшілері алдында да күрделі міндеттер тұр. Бесжылдықтың ішінде аудан қолхоздарында қоғамдық мал саны көбейіп, оның өнімділігі едәуір арттырылатын болады. Мұндай абройлы міндетті ойдағыдай орындау үшін қоғамдық малды қысты күні құнарлы жемшөппен, қоражаймен қамтамасыз етудің маңызы ерекше зор.

Ауданымыздың алдыңғы қатарлы қолхоздары жылма-жыл қоғамдық малды жемшөппен, жайлы қоралармен мол қамтамасыз етіп, малды қыстан шығынсыз, күйлі өсіріп келеді. Осы арқылы мұндай қолхоздар қоғамдық мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетуге, оның өнімділігін молайтуға зор мүмкіншіліктер алуға. Өткен жылы «Путь Ильича», «Путь пролетариата», Киров атындағы қолхоздарда жемшөп мол дайындалды. Соның нәтижесінде олардың малы қыстан күйлі шықты.

Бірақ, ауданда қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп өндіру ісі әлі өз дәрежесінде емес. Көп қолхоздарда жемшөп жыл сайын аз дайындалып, мал шаруашылығының жемшөп жөніндегі қажеті нашар өтеліп келеді. Сөйтіп, мал қыстан жүдеп шығады, жемшөптің жеткіліксіздігінен мал шығынына да жол беріліп жүр. Жемшөптің аз дайындалуы ауданда қоғамдық мал басын өсіру және оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспардың жылма-жыл орындалмауының ең негізгі себебі болып отыр.

Жемшөптің аз дайындалуының басты себебі сол—қолхоздарда мал азығын дайындау науқаны нашар өткізіледі, бұл жұмысқа қолда бар күш-мүмкіншіліктер толық пайдаланылмайды. Соның салдарынан шөп шабу науқаны өте ұзаққа созылады да бұл жөніндегі жоспар орындалмай қалады. Өткен жылы «Қазақстанның 30

жылдағы қолхоздар быйыл жемшөп дайындауға жақсы әзірлікпен кірісті. Көзір бірқатар қолхоздарда жемшөп дайындау жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Шөп шабу науқаны әсіресе «Красная крепость» (председателі Константинов жолдас), «Колос» (председателі Борисов жолдас) қолхоздарында зор ұйымшылықпен басталды. Бұлардың әрқайсысында бес жүз гектар алаңның пішені шабылды. Шабылған шөп іле-шала жыйналып, маяға салынуда. Қолхозшылар шөп шабу, жыйнау және оны маялау жұмыстары арасында алаңақтықтың болуына жол бермеу үшін жанамай еңбек етуде.

Пішен шабуға техника қуаты тиімді пайдаланылып келеді. Аудан бойынша 16 тракторға тіркеліп, 3 өздігінен жүретін және 69 ат шөп машиналары пішен шабуға қосылды. Олардың барлығы дерлік жұмысқа толық қуатымен пайдаланылуда. Мұның өзі пішен шабу жұмыстарын табысты жүргізуге қосымша зор мүмкіншіліктер туғызып отыр.

Бірақ, бұдан ауданның барлық қолхоздарында бірдей жемшөп өндіру жұмыстары жақсы ұйымдастырылған деген ұғым тұмайды. Ауданның кейбір қолхоздары мен МТС-тері шөп шабуға нашар әзірленді. Бұл жұмысқа кешігіп кірісті. Мысалы, «Новый путь» (председателі Тютенков жолдас), «Путь Ленина» (председателі Пуртов жолдас), Каганович атындағы (председателі Головкин жолдас), «Жаңа тұрмыс» (председателі Салахутдинов жолдас) қолхоздары мен Чистян, Суворов атындағы МТС-тер (директорлары Белоус, Мотыгин жолдас) туралы осыны айтуға болады. Бұл қолхоздар мен МТС-тердің басшылары жемшөп дайындау жөніндегі өздерінің жауапкершіліктерін ұмытып, жай баракаттыққа салынды. Шөп шабуға мезгілінде және тыңғылықты әзірленіп, оны айымшылықпен бастаулы қамтамасыз ет-

ров атындағы МТС-терде мал азығын дайындау ісін жақсарту жөнінде арнаулы мәселе талқылады. Бюро мәжілісінде аталған қолхоздар мен МТС-терде шөп шабуға орын алған кемшіліктерді жоюды, сөйтіп, мал азығын дайындау қарқынын тездетудің тиісеті шаралары белгіленді. Бұл қолхоздар мен МТС-тердің басшыларына шөп шабуға қолда бар мүмкіншіліктерді дұрыс пайдаланып, жемшөп дайындаудың күндіз, бөксүндік графигін мінсіз орындап отырды қамтамасыз ету тапсырылды. Жемшөп өндіруді жақсартуға көмектесу үшін оларға партия, совет активтері жіберілді. Мұндай шаралар көзір жемшөп өндіруде игілі нәтижелерін бере бастады. Аталған қолхоздар мен МТС-терде соңғы кезде жемшөп өндірудің қарқынының қызы түсуі бұған дәлел.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға малды қоражаймен тыңғылықты қамтамасыз етудің зор маңызы бар. Осыған сәйкес быйыл аудан қолхоздарында стандартты мал қораларын салу, бұрынғыларын жөндеу жұмыстары кеңінен жүргізіледі. Ауданның Куйбышев атындағы, «Искра», «Пятилетка» сыяқты қолхоздары құрылыс бригадаларын ұйымдастырып, қора салу, бұрынғы қораларды жөндеу ісіне қызу кірісті. Алайда, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарында көп кемшіліктерге жол беріліп келеді. Ауданның бірсыпыра қолхоздары мал қораларын салуға және жөндеуге әлі күнге дейін кіріскен жоқ. Ленин атындағы, «Большевик», «Пролетарское знамя» қолхоздарында мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын көзірден бастап жүргізуге толық мүмкіншілік бар. Солай бола тұрса да, бұл қолхоздар мал қораларын жөндеу, салу жұмыстарына кіріспей, оны кейінге қалдырып келеді.

Атап айту керек, аудандық партия комитеті мал шаруашылығын өркендетуге әлі тиісті дәрежеде басшылық жасай алмай келеді. Аудан қолхоздарында қоғамдық малды құнарлы жемшөппен, жайлы

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Облыс өнеркәсіп орындарында

☆

Күрес күндерінде

Теміржолшылар күні құрметіндегі социалистік жарыс барған сайын кеңінен өрістей түсуде. Бұл жарыста маневр паровоздарының нұсқаушы машиинсі Михаил Шаталов жолдас басқарған колоннаның коллективі жақсы табыстарға ие болуда. Өткен бір айдың ішінде колонна паровозшылары ақаусыз және поезаралық жөндеуге тоқтамастан 200 тоннадан артық отын үнемдеді. Мұндай табыстарға жетуге еңбектің дұрыс ұйымдастырылуы, бригадалардың кадрларының дұрыс іріктеліп алынуы себепші болып отыр. Сондықтан да осы колоннаның паровозшылары соңғы бес ай бойына үнемі бірінші орында келеді.

Паровоз депосында мұндай күрделі табыстарға ие болған машинистер көптеп саналады. Мәселен, паровозшылар Маноюгин және Макаренко жолдастар локомотивті айналымға беру мерзімін қысқарту мақсатымен жол-жөнекей ешқашан қосымша су алуға тоқтамайды. Осының нәтижесінде әрбір паровоздың айналымға берілу мерзімі нормадағыдан біржарым сағат қысқарады және оның орта тәуліктік жүріс жылдамдығы 47 километр артады.

Орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыру әрбір бригаданың тәулік ішіндегі тасымал жұмысын жақсарту түсуіне көмектеседі. Сондықтан да депода 1955 жылдың нормалары бойынша жұмыс істеп жүрген машинистер ондап саналады.

Бұл күндері бүкіл еліміздің теміржолшылары сыяқты, біздің депоның да коллективі өздерінің қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, совет теміржолшыларының дәстүрлі мерекесі—теміржолшылар күнін лайықты табыстармен қарсы алу үшін өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыруда.

В. АХРЕМЕНКО,

Паровоз депосының операторы.

Станоктарды жаңарту

олу қажет. Иенер заводдар мен кәсіпшілік артельдерінің өндірістік программаны тағайындаған мерзімде орындай алмай жүрген себептерін шаруашылық және партия ұйымдары басшыларының социалистік жарыққа жеткілікті мән бермеуінен деп білуіміз керек. Социалистік жарыс көп жерлерде қағаз жүзінде ұйымдастырылып, алынған міндеттемелердің жүзеге асырылуы, бақылау, тексеру істері ұмыт қалдырылды. Сөйтіп, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің еңбектегі белсенділігін арттырудың басты шарты — социалистік жарыстың баяу өрістетілуіне жол беріледі. Ал, партия мен үкметіміз кәсіпорындарының партия, шаруашылық басшыларынан жұмысшылар бұқарасының саяси, еңбек белсенділігін үздіксіз өрістетіп отыруды талап ететінін бір минут те естен шығаруға болмайды.

Өндіріс процестерін механикаландырып, өнім шығаруды жетілдіре беру, жаңалық тапқыш ұсыныстарды өндіріске батыл енгізіп, озаттардың таңдаулы тәжірибелерін

мен жарамсыз пималарға бірінші сортты пималар деп белгі соққан. Шаронаевтың кезбояушылығынан артель мыңдаған сом зыян шеккен. Артельдің председатели Баталов, партия ұйымының секретары Литвиненко жолдастар болған оқылғаларды қағазға тіркеушілер дәрежесінде қалып келеді. Келешекте еңбекшілерге сапасыз өнім беруге әрекеттенетін жат қылқатармен күрес үнемі және аяусыз жүргізілуге тиіс. Партия мен үкмет, халық мүддесі кәсіпорындарының басшыларынан осыны талап етеді.

Қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің өскен саяси, еңбек белсенділігіне сүйене және оған партиялық бақпал жасай отырып, облыс кәсіпорындарының партия, шаруашылық басшылары бірінші жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды және өнімнің сапасын бұрынғыдан да жақсарту тусіді қамтамасыз етуге тиіс.

Қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің өскен саяси, еңбек белсенділігіне сүйене және оған партиялық бақпал жасай отырып, облыс кәсіпорындарының партия, шаруашылық басшылары бірінші жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды және өнімнің сапасын бұрынғыдан да жақсарту тусіді қамтамасыз етуге тиіс.

Насихатшылардың оқуы

КИЕВ. Мұнда Украин КП Львов, Станиславский және басқа облыстық комитеттерінің жанындағы бір айлық насихатшылар курстары өз жұмысын бастады. Курстарда саяси мектептер мен партия тарихын, диалектикалық және тарихи материализмді, саяси экономияны үйрену жөніндегі үйірмелердің жетекшілері, кешкі партия мектептерінің оқытушылары, насихатшылар семинарларының жетекшілері оқуда.

Лекциялар оқу және семинар сабақтарының өткізу үшін жоғары дәрежелі оқу орындарының оқытушылары, облыстық партия комитетінің лекторлары тартылды.

Украин КП облыстық комитеттерінің жанындағы жазғы курстарда 13 мыңнан аса насихатшылар қайта даярлықтан өтеді.

МИНСК. Мұнда ашылған партия

оқуы жүйесіндегі насихатшылардың семинарларында СОКП тарихын, диалектикалық және тарихи материализмді үйрену жөніндегі үйірмелер мен семинарлардың насихатшылары, кешкі партия мектептерінің оқытушылары қайта даярлықтан өтеді.

ПЕТРОЗАВОДСК. Мұнда Карел-Фин ССР КП Орталық Комитеті жанында штаттан тыс насихатшылардың бір айлық курсы өзінің жұмысын бастады. Оларда 400-ге жуық адам қайта даярлықтан өтуде.

Тыңдаушылар үшін партияның XIX съезінің материалдары, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары, философия, саяси экономия бойынша лекциялар оқылады. Үйірмелер мен саяси мектептерде сабақ өткізудің методикасы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

15 июнь. (СОТА).

Педагогтар даярлау

РСФСР Оқу министрлігінің коллегиясы Мәскеудің № 2 педагогикалық училищесінің политехникалық оқуды жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін талқылады.

Программалық материал тиісті өндірістің түрлерімен таныстырумен толықтырылып отырады. Оқушылар физиканы, химияны, математиканы оқумен қатар, политехникалық музейге, кәсіпорындарына экскурсияға барып тұрады, оқулық кинофильмдер көреді.

Арнаулы мастерскойларда болашақ педагогтар столарлық, токарлық және слесарьлық шеберлікке, электротехникаға үйренеді. Олар өздігінен көрнекті құралдар жасап алуға, көрмелерді әшекейлеуге, өте қарапайым механизмдердің моделін жасауға үйренеді.

Училищенің жанынан шағын теплица мен оқулық-тәжірибе участогі құрылған.

Мұнда алма ағашы, шие, бүлдірген, қарақатпен қатар өсіп тұрған жүзім шыбығын, анар ағашын, қызық бейнелі кактустерді, тропика өсімдіктерін, оңтүстіктің гүлдерін көруге болады. Биология пәні бойынша сабақ оқушыларды мичуриндік ілімнің теориялық қағидаларын социалистік ауыл шаруашылығының практикасымен ұштастыра білуге үйрететіндей болып өткізіледі. Болашақ мұғалімдер Мәскеудің Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясына, Москва төңірегіндегі колхоздар мен совхоздарға жиі барып тұрады.

РСФСР Оқу министрлігінің коллегиясы Мәскеудің № 2 педагогикалық училищесінің тәжірибесін қостады және бұл тәжірибені Россия Федерациясы педагогикалық училищелерінің арасында таратуды ұйғарды.

(СОТА).

жылдығы», «Жаңа тұрмыс», Куйбышев атындағы, Каганович атындағы колхоздарда дәл осындай себептермен қоғамдық мал шаруашылығы жемшөп қорымен қажетті мөлшерде қамтамасыз етілмеді. Бұлардың әрқайсысында жемшөп өндіру жоспары небары 50—60 проценттен ғана орындалды. Оның үстіне бұларда дайындалған жемшөптің өзі ұқшысыз жұмсалды. Ақырында жемшөп қыс аяғына дейін жетпей қалып, мал азықтан тарықты.

Мал қыстатудағы мұндай қиыншылықтарды бйыл болдырмау, жемшөп өндірудің мал басының өсуінен кенже қалуын жою мақсатымен аудандық партия комитеті мал азығын дайындауды жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгілеп, жүзеге асырды. Өткен жылмен салыстыр-

неді. Мұнда әсіресе шөп машиналарын жөндеу өте ұзаққа созылды. Олардың бірқатары әлі күнге дейін жөнделіп те болған жоқ. Чистян МТС-інде 19 тракторға тіркеліп, 7 өздігінен жүретін шөп машинасы болса, кәзіргі уақытта бұдан 8 тракторға тіркеліп, 1 өздігінен жүретін шөп машинасымен ғана пішен шабылуда. Осы сияқты, «Путь Ленина» колхозында 14 ат шөп машинасынан 3, Каганович атындағы колхозда 9 ат шөп машинасынан 2 шөп машинасы ғана жұмысқа қосылды.

Аудандық партия комитеті жемшөп өндірудегі мұндай кемшіліктерге төзіп отыра алмады. Аудандық комитет өзінің жақында болып өткен бюро мәжілісінде «Путь Ленина», Киров атындағы, «Жаңа тұрмыс» колхоздарында және Чистян, Суво-

нүкесан келтірді. Бізде мал шаруашылығын өркендетудің толғағы жеткен мәселелерін шешіп, оны іске асыру ісі өз дәрежесінде емес. Аудандық партия комитеті алдағы уақытта мұндай кемшіліктерге жол бермей, мал шаруашылығына басшылықты жақсарту түсіп, оны қажетті жемшөп қорымен, жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етудің, сөйтіп, қоғамдық мал шаруашылығын партияның XIX съезі алға қойған міндеттер дәрежесінде өркендетудің тиімді шараларын қолданып, жүзеге асырады. Бұл үшін кәзір жемшөп дайындау, мал қораларын салу және жөндеу жұмыстарының қарқынын арттырып, сапасын жақсарту түсеміз. Бұған аудандық колхоздарында күш-мүмкіншілік жеткілікті.

Петропавл шағын двигателдер зауытында жаңартылған станоктар байқау ойдағыдай нәтиже берді. Бұрын бір шпиндельмен жұмыс істейтін бұрғылау станогіне 19 шпиндельді головка орнатылды. Енді шағын двигателдер блогінің головкаларын бұрғылау бір-ақ операцияда орындалатын болды. Ал, бұрын бұл жұмыс 19 операцияға бөлінетін еді. Байқау блок головкаларын өңдеуге жұмсалатын уақыттың бірнеше есе қысқаратынын көрсетті.

Соңғы жылдарда заводта жабдықтарды жаңарту жөнінде күрделі жұмыстар жүргізілді. Соңғы үш жылдың ішінде мұнда жүзден астам станок жетілдірілді.

Р. УӘЛИЕВ.



„Заготзерноның“ қабылдау пункттері механикаландырылуда

Алматы облысы, Ұйғыр, Шелек және Кеген аудандарының «Заготзерно» пункттерінде жаңа астықты қабылдауға өзірлену жұмысы аяқталды. Қоймаларды, астық қабылдайтын алаңдарды жөндеу басқа аудандарда да аяқталуға жақын.

Дайындау пункттерінің қызметкерлері еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға ерекше көңіл бөледі. Шамалған дайындау пунктінде автомашиналардан астық түсіру және вагонға астық тиеу үшін арнаулы мұнара салынды. Ол сағатына 100 тонна астық түсіріп, тией алады. Алматының астық өткізетін «Заготзерно» базасында кәзіргі транспортерлерге қосымша төрт лента және бір секциялы транспортер орнатылды.

Көптеген қабылдау пункттері астық беріп тұратын жаңа тетіктермен, транспортерлермен жабдықталуда. Бұлардың әрқайсысында автомобиль таразылары орнатылған.

Астық тапсырушыларға мәдениет жағынан қызмет етуге үлкен көңіл бөлінуде. Барлық пункттерде қызыл мүйістер, шайханалар ұйымдастырылды. Жақында Шамалған пунктінде асхана-шайхана ашылды.

(ҚазТАГ).

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕР

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қазақтың Мәншүк Маметова атындағы педагогикалық әйелдер училищесінде мемлекеттік емтихан басталды. Оқудың озаттары Сүлейменова, Маметова, Оңғарова, Жүнісқұлова терең білім алғандарын көрсетті.

Бйыл педагогикалық училищені 80 қазақ қызы бітіріп шығады. Олар республиканың қалалық және селолық мектептерінде бастауыш класстардың оқытушылары болып қызмет істемек.

(СОТА).

Қазақстан суретшілерінің жаңа еңбектері

Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген искусство қайраткері, республиканың ең қарт скульпторы Александр Степанович Пономарев, орыстың аса көрнекті ғалымы, саяхатшы, Тянь-шаньды зерттеуші, Семенов, Тяньшаньскийдің скульптуралық портретін жасап болды. Бұл скульптура Ташкентте болатын Орта Азия мен Қазақстанның суретшілері шығармаларының көрмесіне қойылады.

Қазақстанның суретшілері бейнелеу суреті мен скульптураның бірсыпыра жаңа шығармаларын жасап жатыр. Қазақ ССР халық суретшісі Әбілхан Кастеев «М. И. Калинин колхоздың жерді мәңгі пайдалануына акт тапсырып жа-

тыр» деген картина жазуда. Скульптор Хакімжан Наурызбаев Қазақстанның халық композиторы Дина Нұрпейсованың скульптуралық портретін жасауда. Алматы суретшісі Л. Леонтьев «Колхоздың басқармасы электр станциясын салудың және жер суару жүйесінің жобасын талқылауда» деген үлкен картина жазып жатыр. Жас суретші А. Степанов «Абайдың өлеңдері» деген картина жасауда.

Қазақстан суретшілерінің екі мыңға жуық шығармалары қазақтың Шевченко атындағы мемлекеттік көркемсурет галлериясында қойылған.

Жоңышқа тұқымының өнімділігін арттыру

Алматы облысы, Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозының жоңышқа егісі Іле Алатауының етегінде 320 гектар жерді алып жатыр. Тұқымдық жоңышқа егісі бірінші рет шабылды. Әр гектардан 30 центнер шөп алынды. Жоңышқаның аңызын трактор агрегаты сыдыра жырттып өтті. Діскілі сыдыра жыртқыштар өсімдіктің тамыр мойынынан қырқып, тырмалар бұл жерді тегістеді. Діскілеу алдынан жоңышқа егілген жер суперфосфатпен үстеп қоректендірілді.

Жоңышқа тұқымы егілген жерді жоңышқа шабылғаннан кейін діскілеу оның тұқымының өнімділігін лғуғын арттыратынын тәжірибе айқын көрсетті. Өткен жылы Мичурин атындағы колхоз

әр гектардан үш центнерден аса жоңышқа тұйымын жыйнады. Осы прогрестік агротсілді республиканың көп колхоздары қолданып отыр. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының Жданов атындағы колхозы жоңышқаны жасарту нәтижесінде әр гектардан жеті центнерге дейін тұқым жыйнауда.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздары бйыл тұқымдыққа бөлінген жоңышқа егісінің бүкіл көлемінде жоңышқа егілген жерді шөбі шабылғаннан кейін діскілеу жұмысын жүргізуде. Мұның өзі қосымша ондаған мың центнер жоңышқа тұқымын алуға мүмкіндік берді.

(ҚазТАГ).

Жаңа пионер лагері

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Текелі полиметалл комбинатының жаңа пионер лагері ашылды. Мұнда 120 бала дем алуға. Лагерде пионер бөлмесі, кітапхана, радиоторап жақсы жабдықталған. Балалардың пайдалануы үшін шекті

музыка аспаптары, пианино, баян, тағы басқалары бар.

Мектеп оқушылары авиомодельшілер, фотографтар, жас натуралистер, кестетігу, хор, драма, би үйірмелеріне қатынасады.

Астықты қабылдауға өзірленуде

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Облыстың дайындау системасының қызметкерлері жаңа астықты қабылдауға қызу өзірленуде. Қоймалар, таразы және лаборатория шаруашылықтары, астық тазалайтын және тиейтін машиналар жөнделуде. Шемонайхы элеваторының, Гусина және Баты қабылдау пункттерінің коллективтері бұл жұмыстарды мерзімінен бұрын орындады.

Астық тиеу-түсіру жұмыстарын онан әрі механикаландыруға зор көңіл бөлінуде. Он пунктте автомашиналардан астық түсіретін механикаландырылған бункерлер орнатылып, қуатты үш норрия, тұрғылықты жеті транспортер монтаждалуда. Предгорное және Аврора селоларында астық құятын арнаулы мұнаралар салынды. Бұл мұнаралар механизмінің көмегімен қатарынан төрт автомашинаның астығын қабылдайды. Жаңадан көптеген жылжымалы транспортерлер, астық беретін құралдар, астық атқыштар, механикалық күректер алынды.

Шығыс Қазақстанның дайындаушылары бйылғы жаңа астықты қабылдауға өзірлену және оны қабылдау жөніндегі жұмыстардың бәрін мерзімінен бұрын аяқтауға ұйғарды.

ГУРЬЕВ ҚАРАКӨЛІ

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Гурьев тресінің қаракөл совхоздары қаракөл дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке тапсырмадан тыс мыңдаған бірінші сортты елтірі берілді.

Гурьев совхозының қаракөл өсірушілері жақсы еңбек етті. Олар елтірі дайындау жөніндегі жоспарлы тапсырманы анағұрлым асыра орындап, қой санын көбейтудің жылдық жоспарын да асыра орындады. Сағыз және Орал совхоздары да мемлекетке қаракөл беру жоспарын едәуір арттырып орындады.

ҰЛЫ ГУМАНИСТ

Ұлы гуманист, данышпан пролетар жазушысы Алексей Максимович Горький өзінің бүкіл тамаша өмірімен адамға деген шексіз сүйіспеншіліктің, оның бақыты үшін барлығын да істеуге белсене ұмтылудың үлгісін көрсетті.


Жаңа, пролетарлық гуманизм туралы айта келіп, Горький: тарихта алғаш рет адамды сую адамдарды қанаушылықтан құтқаратын, социализмнің жаңа жалпы-адамзаттық мәдениетін жасауға, дүниеде еңбекші халықтың туысқандығы мен теңдігін орнатуға мүмкіндік беретін творчестволық күш ретінде ұйымдасады деп көрсетті. Пролетариаттың гуманизмі құрғақ қиял емес, теория емес, қайта еліміздегі пролетариаттың жауынгерлік, ержүректілік және батырлық практикасы.

Пролетарлық гуманизм байлар және бишара халдегілер жоқ, адамды адамның қанауы жоқ қоғам орнату жолындағы еңбекшілердің күресімен тығыз байланысты. Бұл күреске Горький өз талантының бүкіл алып күшін тұтас жұмсады. Орыс пролетариаты капитализм мен самодержавиеге қарсы күреске бас кетерген кезде жазушы болып қалыптасқан Горький өзінің бүкіл творчествосымен революциялық жұмысшы қозғалысын өрістетуге және ұйымдестіруге көмектесті. Реалист-художниктің рақымсыз күшімен ол «дүкеншілердің есінен танған, сенделген құмырысқа ұясын көрсетті, бұл құмырысқа ұясының тарихи апат болуы — асқан ұлы әділеттік іс» деді. Горький буржуазиялық дүниенің турпаттас өкілдері — аранын ашқан дүниескерлердің, жыртқыштардың, помещиктердің, іштей қаңыраған буржуазиялық интеллигенцияның образдарын суреттеді. «Фома Гордеев», «Артамоновтардың ісі» деген романдарда, «Егор Булычев және басқалар» деген пьесада ол буржуазиялық құрылыстың сөзсіз құрбандығын және пролетариат ісінің жеңіп шығатындығын орасан зор күшпен көз жеткізе дәлелдеді. Бұл шығармалардың бәрінде ұлы жазушы күнестердің де, фабрикаштардың да ұлтқа бөле бола алмайтындығын, саудагерлер мен қанаушылар дүниесі сөзсіз, тарихи құрып білуге тиіс екенін, оның орнына жарқын дүние, еңбек пен бақыт дүниесі, адамды адамның қанауы болмайтын дүние келе жатқандығын айтты.

Бірінші орыс революциясынан соң Батыс Еуропа мен Америка елдеріне барып келгеннен кейін ол буржуазиялық мәдениеттің шын сипатын, атышулы буржуазиялық «демократияның» жалған екенін көрсетті. Ол капитал елдеріндегі еңбекшілердің қайыршылық халі туралы дүние жүзіне мынадай жалынды сөздермен баяндады: «Оның аштықтан әлсіреген күн-күнкұмарлықтан оттай жанған суреті және көзіндегі демекшілікпен

уастық сән-салтанаты мен миллиондардың арымдас мұқтаждығының дүниесін Горький «Сары Сайтанның қаласы», «Республика корольдерінің бірі» деген және басқа памфлет — очерктерінде суреттеп берді.

Тарихтың шын қожаларын ол алғаш рет өз шығармаларында жұмысшы-революционерлер тұрғысынан көрсетті. «Мещандар» пьесасындағы машинист Нил,



«Жаулар» пьесасындағы жұмысшылар, «Ана» романындағы Павел Власов және оның жолдастары, міне, осындай адамдар. Социалистік реализмнің үлгісі болып табылатын бұл романда Горький пролетариаттың социализм үшін революциялық күресінің жарқын бейнесін суреттеді, жұмысшы табының ісіне шексіз берілген жаңа адамның далай туатынын көрсетті.

Өмір орындатыратын идеяларға толы Горькийдің творчествосы өмірге деген, ол өмірді жасаушы — адамға, басарыпша жазылатын Адамға деген сүйіспеншілікті туғызды, адамзаттың нұр сәулесі болашағы үшін белсене күресуге шақырады. Бұл идеялар жазушының поэзиялық ертегісі — «Қыз бен ажалда» толық бейнеленген. «Бұл нәрсе Гетенің «Фаустынан да» күшті (махаббат ажалды жеңеді)», — деп жазды Сталин жолдас осы өзі тамаша, жарқын оптимистік толық шығарманың бір данасына.

Горький пролетарлық гуманизмнің жоғары принциптерін жариялап қана қоймай, сонымен бірге, оның өзі бұл принциптер салтанат құрған партия мен үкіметтің басты қамқорлығы — адамның барлық рухани және физикалық керектерін қақаратпандыру болып табылатын қоғам құруға көмектесіп, тынбастан еңбек етті. «Өзіңіздің екінші анаңыз — қуатты социалистік Отанымызды сүйіңіздер», — деп

ке, үнемі жаңа табыстарға жете беруге жұмылдыратын бірқатар тамаша публицистикалық шығармалар жазды. Ол совет адамдарын қырағы болуға, тап жауына өшпенділікке үйретті. Жазушының «Клим Самгиннің өмірі» деген дастаны, «Достижение және басқалар», «Сомов және басқалар» деген пьесалары сыяқты ірі шығармалары да қырағылыққа, жауды танып білуге шақырады. Пролетарлық гуманизмнің принципін, миллиондағандарды апатқа және бақытсыздыққа ұшырататындардан қорғануды көре білген Горький «етер жау берілме», — оны құртар болар», — деген табиғи қорытындыға келді.

Алексей Максимович Горький халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы терең мағналы гуманистік қозғалысқа әрқашан да белсене қатысын отырды, жер шарындағы барлық қарапайым адамдарды «соғысқа соғыс» жариялауға шақырды. Әйелдерге, аналарға арнап ол былай деп жазды: «Сіздер баланы емшек сүтімен асырайсыздар, оны өз еңбегімен дүниеге нәр беретін қызметкер ретінде, батыр ретінде, адамзаттың қорғаушысы ретінде, дана ретінде, жарқын ойшылы ретінде өмірге, тарихқа қолынан жетектеп енгізісіздер... Аналар! Әйелдер!... Заңдар шығару правосы сіздерге тиісті. Өмір сіздерден басталады. Сондықтан сіздердің бәріңіз де, бір адамдай болып, өмірді қорғау үшін, ажалға қарсы көтерілуге тиісіздер. Гасырлар бойы ажалды жек көріп келе жатқан — сіздер. Тынбастан күресіп, жеңіп отыратын күш — сіздер».

Горькийдің «Мәдениет шеберлері», «Сіздер кіммен біргесіздер?», «Амстердамның соғысқа қарсы конгресіне», «Мәдениетті қорғау конгресіне» деген және басқа тамаша макалалары кәзірде де бейбітшілік пен демократия жолындағы жүз миллиондаған күрескерлердің қолындағы қуатты қару болып табылады. Горький өзінің бірқатар шығармаларында халықтардың қанаушыларға қарсы күресінде олардың революциялық туысқандығының туын көтерді.

Алексей Максимович Горькийдің біздің арамыздан кеткеніне ертең онжеті жыл толады. Ұлы жазушының біздің Отанымыздың жаулары — халықаралық империализмнің сурқыя жалдамалылары апат етті. Бірақ, ол еңбекшілердің жүрегінде өмір сүруде және мәңгі өмір сүреді де.

Ұлы гуманистің қасиетті дәстүрлеріне ере отырып, совет жазушыларының жаңа ұрпақтары Отанымыздың онан сайын гүлдене түсуі жолындағы күреске, адамзаттың бақыты үшін күреске шақырып шығармалар жасауда. Ұлы жазушының кітаптары социалистік Отанымызға, Коммунистік партияның ісіне шексіз берілген со-

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының ашылуы

БУДАПЕШТ, 15 июнь. (СОТА). Бүгін Будапеште Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы ашылды. Сессияның жұмысына Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшелері, сол сыяқты, түрлі елдерден шақырылған бейбітшілікті қорғау қозғалысының көрнекті қайраткерлері қатысуда.

Сессияны Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Эмманюэль д'Астье деля Вижери ашты. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Изабелла Блом (Бельгия) бейбітшілік жолындағы аса көрнекті күрескер Ив Фаржды еске түсіруге арнап сөз сөйледі.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бас секретары Жан Лаффит Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бюросы атынан сессияның күн тәртібі және жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар жасады.

Ол кәзіргі халықаралық жағдайдың барлық негізгі мәселелерін күн тәртібінің бірінші пунктінің шеңберінде талқылауды ұсынды. Бұл пункт былай деп жазылған:

«Келіссөздер және халықаралық жағдайдағы шиеленісуді бәсеңдету».

Күн тәртібінің екінші пункті Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің ролі және құрамы туралы болады. Сессия бұл күн тәртібін мақұлдады.

Бұдан кейін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Го Мо-жо сөз сөйледі. Оның сөзі Кореядағы уақытша бітім туралы және қыйыршығыстық проблеманы бейбітшілік жолмен шешу мәселелеріне арналды.

Кореядағы оқыйғалар Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 15 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін былай деп хабарлады:

Өткен күні майдандарда артиллериялық оқ атыстар ғана болды.

Кеше америкн авиациясы Тхягон су қоймасын сұрапыл бомбалады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның үш самолетін атып түсіріп, бір самолетін зияндады.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздар

ПЕКИН, 15 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін мынадай мазмұндама жариялады: 15 июньде екі жақтың штаб офицерінің екі тобының жабық мәжілістері болды. Мәжілістер 16 июньдегі таңертеңгі сағат 11 де онан әрі жүргізіледі.

Сол сыяқты, таңертең екі жақтың байланыс офицерлері топтарының мәжілістері болды.

ПИОНЕР ЛАГЕРІНІҢ ТУЫ КӨТЕРІЛДІ!

Демалыс. Күн көтеріліп жерді қыздыра бастады. Аспан әлемінде шөкімдей бұлт жоқ. Ашық. Қайда барасыз, дейді тосын жолаушылар біріне-бірі.

— «Пестрыйға».

— Қарағым, «Пестрыйға» бұрын бұл жерден машина жүрмейтін еді ғой, — дейді кезектегі машинаны күтіп отырған қарт.


— Енді жүреді, ата. Быйыл онда пионерлер демалады. Бүгін соның ашылатын күні.

— Я, білемін, қарағым, мен де немемнің орналасқанын көрмек болып барғалы отырмын.

Қаланың бас жағына қарай Октябрь көшесінің бойы мен ағылған жұрттың көбі жастар. Қолдарында гүлдер, жүздері шат. Барлығы да мейрамдағыдай киінген. Солардың ішінде теміржолшы Саломкин мен ұшқыш Ковалев кетіп барады.

Қаланың шет жағында көл. Көлден әрі, кішігірім тоғай көрінеді. Сырт қарағанда көл тоғай ішіне кіріп жатқан тәрізді. Ал, көл мен тоғай аумағы жағынан көлемдес болуға тиіс. Көл бетіндегі ұсақ толқын жағаға жетер-жетпестен үйіріліп келіп жоғалып жатыр. Күн көтеріліп қалса да көл жақтан салқын леп бетке соғады. Ол өзімен бірге кейде көл бетіндегі қоғалы менен көк майса шалғын шөптің жұпар иісін жолаушыларға еркін жеткізіп тұр. Машина көлді жағалай жүріп келеді. Міне, тоғайға да кірдік. Қаз-қатар өскен шырша мен қайың ағаштары көк торғыннан киім жамылып, жолдың екі жағалауын ала орналасқан. Олардың арасынан қолменен жапырып ашқандай жол өтеді. Аз жүріп пионер лагерінің шекарасына да жеттік. Үлкен қақпаны екі пионер ашып, жолаушыларды қарсы алды.

Лагерь туын көтеру



Жаңа көтерілген күн сәулесі тоғай алаңына иіле орналасқан аппақ шатырларға ағаш жапырағының арасынан ғана түсіп тұр. Лагерьден көлге баратын жалғыз аяқ жол үстімен көк балауса шөпті бөлінен кешіп, кілең бір-келі майқа киген балалар тобы лагерь алаңына бет алып, тізбектеле жүгіріп келеді. Бұл пионерлердің таңертеңгі дене шынықтырудан қайтып келе жатқан беттері еді. Пионер вожатыйы олар-

сынан машинаның гүрілі естіліп, қақпа да ашылды.

— Саша, папаң келе ме?

— Әрине келеді. Папам мен III-классты бітіргенде де келген болатын. Мен талай рет папаммен бірге самолетпен де ұшқанмын.

— Ал, сенің әкең ше?

— Менің де папам келеді. Ол заводтың стахановшысы.

Бұлар әңгімесін бітіргенше машина артынан машина келіп, жолдан бұрылып қатар-қатар тұра бастады. Үлкен жүк машинасынан Саломкин мен Ковалев те түсті. Балалар әбәтте-ақ машина айналасына жыйналып та қалған екен. Саша мен Жұмаш қатар тұрған болатын.

— Папа, — деп тұра жүгірді Саша әкесін көріп қалып.

Жалғыз қалған Жұмаш көп жүріп әкесін кейінгі машиналардың бірінен тапты.

Аздан соң-ақ горн тартылып, пионерлер отряды ретімен сапқа тұра бастады. Саша мен Жұмаш та өз отрядтарына келіп қосылды. Колоннаға команда берілді де іле пионерлер тобы қызыл жалаулармен қоршалған салтанатты алаңға шықты.

Алдыңғы қатарда лагерь бастығы мен аға пионер вожатыйы, олардан сәл кейін лагерь туын ұстаушы пионер келе жатыр. Пионерлердің жүздерінен ерекше шаттық және қуаныш байқалады. Қызыл галстукті, кілең ақ киім киген бақытты балалар тобы алаңды қоршап алды.

Лагерь бастығы Дробышевский «Пестрый» тоғайындағы пионер лагерінің бірінші кезегін ашудың салтанатты мәжілісі ашық деп жариялады. Лагерь жалауын көтеру дружина советінің председателі Тома Токпановаға тапсырылды. Қызыл жалау баяу көтеріліп барып, лагерь үстінде желбіреді. Оркестрден шыққан Гимн үнін баяу ескен жел қала жаққа алып кетіп жатты.

Жыйналғандар тараған кезде Саша әкесін Жұмашпен таныстырды. Жұмаштың әкесі Қален де бірге келіпті.

Әкелі-балалы бұл топ көңілді үнменен

мәліген және арқашан да адамға ұқсасмайтын көздерін мен барлық жерде көрдім, бірақ Ист-Сайдтағы (Нью-Йорктағы жұмысшы ауданы — К. Н.) қайыршылықтың сұмдықтары менің білетіндерімнің бәрінен де қайғылы. Адамдық қатынастардың бірден-бір өлшеуіші алтын болып табылатын бір топ байлардың ес-

шақырды ол совет адамдарын зор патриоттық мақтаныспен. А. М. Горький «Адам жанының инженерлерін» баулуға белсене қатысып, жазушылардың жас кадрларын ұқыптылықпен, мәнелеп тәрбиелеп отырды. Ол совет адамдарын өз Отанының гүлденуі үшін, еңбекшілердің бақыты үшін күрес-

вет патриоттарының ұрпақтарын тәрбиеледі және тәрбиелей берелі.

Горький—бізбен бірге! Ол—бейбітшілік, демократия және социализм үшін күресуші жер шарының миллиондаған қарапайым адамдарымен бірге.

К. НИКОЛЬСКИЙ.

АҒЫЛШЫН-ЕГИПЕТ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

КАИР. (СОТА). «Аль-Ахрам» газетінің хабарына қарағанда, Египеттің премьер-министрі Нагиб ағылшын-египет қарым-қатынастары туралы сұраққа жауап бере келіп, Египет ағылшын қарулы күштерінің сөзсіз және тез өкпелілуін талап етеді деп мәлімдеген. «Егер, Англия бізбен осы негізде келіссөздер жүргізуге өзін болса, онда біз де келіссөзге кірісуге өз келісімімізді береміз».

СКРИПКАШЫЛАР МЕН ПИАНИСТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСЫНДА

ПАРИЖ, 14 июнь. (СОТА). Кеше скрипкашылар мен пианистердің Ж. Тибон және М. Лонг атындағы халықаралық конкурсының екінші туры аяқталды. Екінші турға қатысқан 15 скрипкашының сегізі үшінші турға қатысуға право алды, олардың ішінде советтің екі скрипкашысы—Н. Школьников мен Р. Соболевский бар.

Бал араларын алды

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхозда бал аралары өсірілуде. Науықта колхоз 30 семья бал араларын сатып алды. Омарта өте қолайлы орынға орналастырылды.

Колхоз ара шаруашылығымен шұғылданду үшін көп өзіндік жұмыстары жүргізді. Бал араларын өсіруші омарташы Владимир Андреевич Оселеденко жолдас бір айлық жұрета болып, арнаулы білім алды. Жұырда аралар үшін бал беретін өсімдіктер егілді.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Вагон-клуб

Жақында Петропавл темір жол торабының бөлімшесі Белоруссияның вагон жасаушылары жіберген жаңа вагон-клубты алды. Оның ішінде кинофильмдерді көрсетуге, лекциялар оқуға, жұмысшылардың мәдениетті түрде дем алуына барлық жағдайлар жасалған.

Июнь айының екінші жартысынан бастап вагон-клуб Макушино және Есілкөл теміржол учасқотерінде үзбей жүріп, онда кинолар көрсетіліп, лекциялар оқылып, жұмысшылар жұмыстан қолы бос уақыттарында мәдениетті түрде дем алатын болады.

Жаңа құрылыс

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозда құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. № 2 бригадада жүз кісілік клуб салынып жатыр. Мұнымен бірге колхозшыларға пәтер үйлер салу жұмыстары да қызу қолға алынды.

Үстіміздегі жылы колхоздың кірпіш заводы жүз мың кірпіш шығарады. Кәзірдің өзінде күйдірілген 25 мың кірпіш колхоздың орталық клубын салуға пайдаланылуда. Бұл клубта 300 кісілік орын, үлкен фойе, көркемөнер үйірмелерінің жұмыстары үшін жеке бөлмелер болады.

А. РАМАЗАНОВ.

Жаңа оқу жылына студенттер қабылдау қарсаңында

Бұл күндері еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында емтихан қызу жүріп, өткен 1952-53 оқу жылына қорытынды жасалуда. Жоғарғы оқу орындарының қоғамдық ұйымдары мен дирекцияларының алдында жаңа оқу жылына үлгілі әзірленіп, бірінші курстарға студенттер қабылдау сыяқты міндеттер тұр.

1953 жылы еліміздің жоғарғы дәрежелі оқу орындары сырттан оқытатын бөлімдерге түсушілерді қоса есептегенде бірінші курстарға 400 мыңға жуық студент қабылдайды, сөйтіп, өткен жылға қарағанда институтқа түсушілердің саны 10 процент артады.

Петропавлдың К. Д. Ушинский атындағы мемлекеттік мұғалімдер институты үстіміздегі жылы түсіп оқытатын және сырттан оқытатын бөлімдеріне жаңадан 400-ге жуық студент алады. Ұлан-байтақ еліміздің басқа жоғарғы оқу орындары сыяқты біздің мұғалімдер институтына түсушілер санының жыл сайын көбейіп отыруы социалистік халық шаруашылығы мен мәдениетіміздің күшті қарқынмен өсіп отырағандығын дәлелдейді.

Біздің елде жоғарғы оқу орындарына жаңа студенттер қабылдау мемлекеттік зор іс болып саналады. Болашақ маман кадрлардың саналы қызмет істеуі оларды институттың бірінші курсына дұрыс қа-

былдан, даярлауға да байланысты. Жоғарғы оқу орындарының қоғамдық ұйымдары мен дирекциялары жаңа оқу жылына студенттер қабылдау кезінде конкурс системасын дұрыс пайдаланып, бірінші курсқа қабылдау емтиханын ойдағыдай тапсырған студенттерді алу арқылы мемлекеттік қабылдау жоспарын орындауға тиіс.

Жоғарғы оқу орындарына конкурстық системамен түсушілерді іріктеп алу нағыз демократиялық, әділетті система болып табылады. Бұл система бойынша институтқа түсушінің жеке басының қабілеттілігі, оның даярлығы және қабылдау емтихандарында берген жауаптары еске алынады.

Петропавлдың мұғалімдер институтының 1 курсына студенттер қабылдау осы жылдың 20 июнінен 31 июліне дейін созылады. Осы көрсетілген мерзімнен кейін арыздар мен документтерді қабылдау тоқтатылады. Институт үстіміздегі жылы физика-математика, жаратылыс тану-география және орыс тілі мен әдебиет бөлімдеріне жаңадан студенттер қабылдайды. Студенттерді мерзімінде қабылдау үшін институттың жанынан арнаулы қабылдау комиссиясы құрылды. Комиссия барлық даярлық және жаңа студенттер қабылдау жұмыстарымен айналысады.

Үстіміздегі жылы жоғарғы оқу орнына түсушілер жаңа қабылдау ережесіне ерекше назар аударуға тиіс. Жаңа қабылдау ережесі бойынша қабылдау емтиханының барысында қанағаттанғысыз баға алғандар келесі емтихандарға жіберілмейді. Сол сыяқты, жоғары баға алу үшін емтиханды қайталап тапсыруға да рұқсат етілмейді.

Соңғы жылдарда жүргізілген көптеген жұмыстардың нәтижесінде институтымыздың оқу-материалдық базасы кеңейтіліп, ыңғайды. Институтта сабақ беруде онан да ғылымдардың ұлы табыстары, оның дүние жүзі ғылымы мен мәдениетінің дамуында алдыңғы қатардағы ролі айқын бейнеленетін болды. Қоғамдық және арнаулы пәндерден сабақ беру біраз жақсарды. Студенттер марксист-лениндік теорияны терең оқып, меңгеруде. Петропавлдың мұғалімдер институтында жақсы жабдықталған физика, химия, зоология лабораториялары және сол сыяқты, марксист-ленинизм, педагогика, география, тіл мен әдебиет кабинеттері бар. Жыл сайын ондаған мың сомға лабораториялар мен кабинеттерге жаңа тәжірибе аспаптары мен көрнекі оқу құралдары сатып алынады. Соңғы екі жылдың ішінде институттың мұғалімдер коллективі де айтарлықтай өсті. Үстіміздегі жылы институтта өткен жылға қарағанда ғылым кандидаттарының саны екі есе артты.

Петропавлдың К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институты СОМ XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөнінде-

гі директиваларын басшылыққа ала отырып, болашақ мұғалімдерге политехникалық оқудан тереңірек білім беруге бағытталған бірқатар шаралар жүргізді.

Физика-математика, жаратылыс тану-география кафедралары физика, математика, ботаника, зоология, химия, дарвинизм негіздері сабақтарын беру әдістерін қайта құру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Студенттер колхоздар мен өнеркәсіп орындарына экскурсиялар жасады.

Орыс тілі мен әдебиеті, марксист-ленинизм және тарих кафедралары студенттерді мамандығы жағынан даярлауды едәуір жақсартты. Үстіміздегі жылы институттың кафедралары ғылыми зерттеу жұмыстарымен көбірек айналысты. Өткен оқу жылында институттың мұғалімдері 11 ғылыми және методикалық мақалалар жазды.

Физкультура және спорт пәндерінен сабақ беру де жақсара түсті. Бұл күндері институтымызда 39 разрядшылар және 130 значек алғандар бар. Мұның бәрі Петропавлдың мұғалімдер институтының болашақ мұғалімдерді саналы етіп тәрбиелеуге барлық мүмкіншілігі бар екенін дәлелдейді.

Институттың дирекциясы мен қоғамдық ұйымдары студенттер қабылдауды дұрыс ұйымдастырып, оны ойдағыдай өткізу үшін күресуде.

П. ПРИСИЧ,

Петропавлдағы К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтының директоры.

ға бүгін лагерьдің ашылатынын хабарлап, тарауларына рұқсат етті. Тарағаннан кейін іле шала Саша Жұмашты іздеді. Жұмаш бұл кезде шатыр алдына шырша бүршігінен кеше ғана жазып, толық жөндей алмаған «Пионерлер, үлгілі болыңдар» деген сөзге бар ынтасын сала мөнерлеп жатыр еді. Жүгіріп келген бойда оның іскерлігі мен тездігіне таңырқаған Саша:

—Жұмаш, мен үлгере алмай қаламын ғой, ал, сенікі болса, бітіпті,—деп өзінің асығыс келген жұмысын айта бастады.

Саша мен Жұмаш «Біз бейбітшілікті жақтаймыз» деген сөзді жазып, оның жоғарғы жағындағы қызыл топырақтан жасалған тудың ішіне көгершін суретін салуды аяқтай берген кезде, ағаш ара-

балалар жайы туралы өзара әңгімелесіп, машинаға қарай келе жатты.

... Күн батқалы бірталай уақыт болса да көк жиектегі қызыл арай әлі де өзінің сәулесін жоғалтқан жоқ. Көстерге отын қалап жүрген Саша мен Жұмаш кеш болуын асыға күтуде. Бес бұрышталып үйілген ағашты айнала қоршаған балалар тобы да Саша мен Жұмашқа ұқсап, тынышсыздана түседі. Көп кешікпей рапорт беріліп, аға өзінкі жағын балалардың жақсы дем алуына тілектестік білдірді. Көңілді музыка ойналып, көстер алқызыл жалауын жоғары көтерді.

«Пестрый» лагерінен шыққан көңілді ән кешкі самалмен қала шетінде еміс-еміс естіліп тұрды.



Алғашқы маусымда демалушы барабаншылар мен горн тартушылар. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«ДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДАУЫЛ»

«КЕТО және КОТЭ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Астрахань қаласы, Пионер көшесі, 22 үйде тұрушы Данил Кириллович Филонов, Петропавл қаласы, Осипенко көшесі, 12 үйде тұрушы Прасковья Антоновна Филоновадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 4-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Володаров көшесі, 67-үй, 11-пәтерде тұрушы Наталья Прокопьевна Разводовская, Петропавл қаласы, 9-январь көшесі, 7-үйде тұрушы Василий Николаевич Разводовскийден айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 4-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.